


ТЕКСЕРІЛДІ:



30.01.2026 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 02.02 – 06.02.2026 жыл (1-апта) Апта дәйексөзі «Жасампаздық - бәрімізге өнеге»

Күн тәртiбi	Дүйсенбi 02.02	Сейсенбi 03.02	Сәрсенбi 04.02	Бейсенбi 05.02	Жұма 06.02
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкiлдерiмен әңгiмелесу, кеңес беру	«Қазақ тiлiн үйренемiз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Көлiктер» «Мектеп жасына дейiнгi балаларға қазақ тiлiн үйретудiң негiзгi бағыттары» флаер				
Ұйымдастырылған iс-әрекеттi өткiзуге дайындық	Ұйымдастырылған iс-әрекетке қауiпсiз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауiпсiз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған iс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Әсем қоңыр» күйi https://zvyki.com/song/66420995/Dina - sem o yr// «Күй күмбiрi» күй тыңдау				
Сөздiк минимум	Автокөлiк, ұшақ, тiк ұшақ, пойыз, велосипед			Автокөлiк, ұшақ, пойыз, велосипед	
Кестеге сәйкес «Қазақ тiлi» ұйымдастырылған iс-әрекетi	Мектепалды тобы Тақырыбы: «Көлiктер» Мiндеттерi: қазақ тiлiндегi берiлген сөздердi дұрыс айта бiлудi және ол сөздердi қолдануды үйрету; сөз iшiндегi қазақ тiлiне тән қ, i, ы, ұ, ғ			Мектепалды тобы Тақырыбы: «Ө дыбысы» Мiндеттерi: қазақ тiлiндегi сөздердi дұрыс айта бiлуге және есте сақтауға, ол сөздердi қолдана бiлуге; қазақ тiлiне	

	<p>дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; көліктердің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету. Балалар, біз таңертең тұрамыз, сосын қайда барамыз. Балалар, қазір күн суық сендер балабақшаға немен келдіңдер? Көлік бізге не үшін керек? Бір жерден екінші жерге жету үшін. Біз бүгін көліктің қазақша атауын есте сақтайтын боламыз. Бейнежазба көру: «Көлік түрлері» Топпен жұмыс «Қара да ата» Жерде жүретін көліктер. Автобус. Автокөлі-і-і-к. Жү-ү-үк кө-ө-ө-лі-і-і-гі-і-і. Пойы-ы-ыз. Әуеде жүретін көліктер. Ұ-ұ-ұшақ. Ті-і-ік-ұ-ұ-ұшақ-қ-қ. Суда жүретін көліктер. Кеме. Қ-қ-қайық-қ-қ. Сөздік жаттығу «Жер үсті, су, әуе көліктері» Максим, келе ғой. Бір суретті таңдашы. Мынау не? (Мынау мәшине). Мәшине қай жермен жүреді (ым-ишара арқылы көмек көрсету)? (Мәшине жердің үстімен жүреді.) Мәшинені жерге</p>		<p>тән ө дыбысын айтуға үйрету; тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мынау – қандай түс? - Көк - «Көк» деген сөздің ортасында қандай дыбыс естіліп тұр? - «Ө» дыбысы. - Онда бәріміз «ө» дыбысын айтып көрейік. - Ө-ө-ө. - Қалай айтылып тұр? Созылып па, тез айтылып тұр ма? - Созылып айтылып тұр. - Олай болса, балалар, бүгінгі біздің өтетін дыбысымыз - «ө» дыбысы. - «Ө» дыбысын барлығымыз хормен айтып көрейік? - Қалай жасалып тұр? (Ерін арқылы.) - Қалай айтылып тұр? (Еркін, яғни дауысты, жіңішке.) - «Ө» дыбысы жіңішке болып айтылады. - «Ө» дыбысы біз өткен дыбыстардан «о» дыбысына ұқсайды. <p>«Ө» дыбысы бейнежазба көру</p> <p>«Ө» дыбысының</p>		
--	--	--	---	--	--

орналастыр. Жарайсың!
Настя, бір суретті таңда.
Мынау не? Мынау қайық. Қайталашы.
Қайық қай жермен жүреді (ым-ишара арқылы көмек көрсету)? (Қайық суда жүзеді.) Қайықты суға орналастыр. Жарайсың!
Мынау не? (Мынау тікұшақ.)
- Тікұшақ қай жермен жүреді (ым-ишара арқылы көмек көрсету)? (Тікұшақ әуеде ұшады.) Тікұшақты әуеге орналастыр. Жарайсың!
Сөзді-ырғақты жаттығу «Қане, көрсет»
- Балалар, ал енді көліктердің қалай қозғалатынын елестетіп көрейік. Педагог балалармен бірге көліктің қозғалу ерекшеліктерін қарастырады. Педагог балаларды ашық кеңістікке шеңбер құрып тұруға шақырады. Қимылды шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүріп отырып қайталайды.
Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (қолды екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)
Мәшине жүріп келеді, көрсетші (рөлді айналдырған қимыл көрсету)
Пароход жүзіп келеді. Қане, көрсетші (алақанды қосып, қолды толқын тәрізді екі жаққа ирелендету)
Мотоцикл жүріп келеді. Қане, көрсетші (екі қолды жұдырыққа түю, қолды кезек-кезек екі жаққа бұру)
Тікұшақ ұшып келеді. Қане, көрсетші. (қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту)

артикуляциясын меңгерту.

Аузымызды дөңгелектеп алға созамыз, тіліміз ашық, тілімізді төмен түсіріп артқа тартамыз, «ө» дыбысы қазақ тілінің төл дыбысы. Ө - жіңішке дауысты дыбыс. Айнаға қаратып айтқызу.

«Ия, жоқ» дидактикалық ойыны.

Педагог балаларға «ө» және «о» дыбысына мысалдар айтады.

- Өмір, орта, өрнек, ай, өр, қар, шөл, бөле, жүрек, ирек, өрлеу, үндеу. Балалар «ө» дыбысын естігенде аяқпен топылдатады.

Тіл ұстарту жаттығуы.

Өс – өс – өс.

Құстар бізге дос.

Жаңылтпаш жаттайық.

Өсер өркен өштеспейді,
Өршеленген еш өспейді.
Өштестіретер өсекшілер,
Өректіген өштестерді.

«Сөз ойла, көп ойла» ойыны.

«Ө» әрпінен басталатын сөздерді тез айту. (Өріс, өгіз, өрік, өрмекші, өшіргіш, өзен.)

Сергіту сәті.

Отырып-ақ орнымда
Өзенді де кешемін.
Сен білмесең, егерде
Былай ескек есемін.
Есемін, есемін,

	<p>Велосипед жүріп келеді. Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу, денені екі жаққа теңселту) Катер жүзіп келеді. Қане, көрсетші. (алақанды қосып, толқын тәрізді қолды екі жаққа ирелендету) Автобус жүріп келеді, Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу) Ән тыңдайық! Жүргізуші Бейнелеу әрекеті: Боя, есте сақта. Балалар пойызды түрлі-түсті етіп бояйды. Қорытындылау: - Көліктерді қандай үш бөлікке бөлдік? Жерүсті, су, әуе. Көліктерді үшке неге бөлдік? Олар қозғалады ... (Жермен, әуемен, сумен.) Дұрыс айтасыңдар. көліктердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p> <p><u>Ересек тобы</u> Тақырыбы: «Кел, қайталайық!» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету.</p> <p>Балалар, біз таңертең тұрамыз, сосын қайда барамыз. Балалар, қазір күн суық сендер</p>		<p>Үлкен болып өсемін.</p> <p>«Ө» дыбысына арналған тақпақ. «Ө» дегенім – Өрік. Өрікті ал теріп! Өзің ғана жемей, Өркенге бер бөліп, Балалар қайталап айтады.</p> <p>Қорытынды - Қандай дыбыспен таныстық? - «Ө» қандай дыбыс? - «Ө» дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі?</p>		
--	--	--	---	--	--

балабақшаға немен келдіңдер?
Көлік бізге не үшін керек?
Бір жерден екінші жерге жету үшін.
Біз бүгін көліктің қазақша атауын есте сақтайтын боламыз.

Бейнежазба көру: «Көлік түрлері»
Топпен жұмыс «Қара да ата»
Жерде жүретін көліктер.
Автокөлі-і-і-к.
Пойы-ы-ыз.
Әуеде жүретін көліктер.
Ұ-ұ-ұшақ.
Ті-і-ік-ұ-ұ-шақ-қ-қ.

Сөздік жаттығу
«Жер үсті, әуе көліктері»
Максим, келе ғой. Бір суретті таңдашы.
Мынау не? (Мынау мәшине). Мәшине қай жермен жүреді (ым-ишара арқылы көмек көрсету)? (Мәшине жердің үстімен жүреді.) Мәшинені жерге орналастыр. Жарайсың!
Мынау не? (Мынау тікұшақ.)
- Тікұшақ қай жермен жүреді (ым-ишара арқылы көмек көрсету)?
(Тікұшақ әуеде ұшады.) Тікұшақты әуеге орналастыр. Жарайсың!

Сөзді-ырғақты жаттығу «Қане, көрсет»
- Балалар, ал енді көліктердің қалай қозғалатынын елестетіп көрейік.
Педагог балалармен бірге көліктің қозғалу ерекшеліктерін қарастырады.
Педагог балаларды ашық кеңістікке шеңбер құрып тұруға шақырады.
Қимылды шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүріп отырып

	<p>қайталайды. Ұшақ ұшып келеді, қане, көрсетші. (қолды екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту) Мәшине жүріп келеді, көрсетші (рөлді айналдырған қимыл көрсету) Тікұшақ ұшып келеді. Қане, көрсетші. (қол екі жаққа созу, денені екі жаққа қозғалту) Велосипед жүріп келеді. Қане, көрсетші. (рөлді айналдырған қимыл істеу, денені екі жаққа теңселту) Ән тыңдайық! Жүргізуші Қорытындылау: көліктердің қазақша атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p>				
<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p><u>Ересек топ</u> «Қара да ата» Жерде жүретін көліктер. Автокөлі-і-і-к. Пойы-ы-ыз. Әуеде ұшатын көліктер. Ұ-ұ-ұшақ. Ті-і-ік-ұ-ұ-ұшақ-қ-қ. <u>Мектепалды топ</u> Ән тыңдайық! Жүргізуші Құйындатып келем мен, Астым қанша белдерден. Ұшқан құспен жарыса, Ұзап кеттім алысқа. Асқар шыңнан асамын, Газды аяқпен басамын. Оңға, солға бұрамын Қаңбақтарды қуамын.</p>		<p><u>Мектепалды топ</u> Ән тыңдайық! Жүргізуші Құйындатып келем мен, Астым қанша белдерден. Ұшқан құспен жарыса, Ұзап кеттім алысқа. Асқар шыңнан асамын, Газды аяқпен басамын. Оңға, солға бұрамын Қаңбақтарды қуамын. Матор үні дүр-дүр, Жолбарыстай гүр-гүр, Дөңгелегім зыр-зыр, Күннің көзі нұр-нұр. Бозторғайлар шиқ-шиқ, Бипілдетем бип-бип.</p>		

Матор үні дүр-дүр,
Жолбарыстай гүр-гүр,
Дөңгелегім зыр-зыр,
Күннің көзі нұр-нұр.
Бозторғайлар шик-шиқ,
Бипілдетем бип-бип

жоспары бойынша

Мектепалды топ

Жаңылтпаш жаттайық.

Өсер өркен өштеспейді,
Өршеленген еш өспейді.
Өштестіретер өсекшілер,
Өректіген өштестерді.

Мнемокесте арқылы мақал-мәтел жаттайық



«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау